

**Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтарын 1999 жылы астық жинайтын комбайндармен қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 11 тамыз N 1132

Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында дәнді дақылдарды жинауды уақытында және сапалы қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің 1999 жылғы егіннің дәнді дақылдарын жинауды жүргізу үшін Ресей Федерациясынан жалға алу шартында астық жинайтын комбайндарды тарту туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Ресей Федерациясының жалға берушілерімен астық жинайтын комбайндарын жалға алу жөнінде өзара қабылданымды шарттарда келісім жасассын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық және Кеден комитеттері заңдарда белгіленген тәртіппен:

дәнді дақылдарды жинау жүргізілетін кезеңде Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарына Ресей Федерациясынан астық жинайтын комбайндарды уақытша әкелуге рұқсат берсін;

Ресей Федерациясының жалға берушілеріне дәнді дақылдарды жинау

жөніндегі қызмет көрсетулері үшін өзара есеп айырысу есебіне іс жүзінде орындалған жұмыс көлеміне алынған астықты әкетуге рұқсат берсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК